

Сабақтың тақырыбы:

Дара және күрделі етістік



Мақсаты:

Білімділік: Оқушыларға дара, күрделі етістік туралы мағлұмат беріп, сөйлем ішінен таба білуге дара, күрделі етістіктерді бір - бірінен ажыратуға дағдыландыру.

Дамытушылық: Сөздік қорларын молайту, сауатты жазуға қалыптастыру.

Шығармашылық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту

Тәрбиелік: Әрбір істі сапалы, ұқыпты орындауға, құстарды қорғауға тәрбиелеу.

Міндеттері:

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту, пән бойынша алған білімдерін жүйелі түрде қолдана білуге дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже:

Байланыстырып сөйлеуге дағдыланады.

Танымдық қабілеті артады. Сөздердің мағыналарын ажырата біледі.

Сабақтың әдісі:

Сұрақ - жауап, өзіндік жұмыс, ой ашар, ой
толғаныс, топтық жұмыс

Сабақтың түрі:

Аралас сабақ



Сабақтың барысы:

- **Ұйымдастыру бөлімі**
- **Психологиялық дайындық**
Шырылдады қоңырау,
Біз сабақты бастаймыз.
Партамызға отырып,
Өзара көз тастаймыз.
Жаңа білім алуға,
Алға қадам жасаймыз.
- **Топқа бөліну**
- **Үй тапсырмасы**

«Күн шуақ» ойыны

Шарты: аспанды бұлт жауып тұр, бұлттардың артында өтілген сабақтарға байланысты, бұлттардың артында бейнесіз

Сөз таптарын ата

Зат есім дегеніміз не?

Жүрді, келді, барды - Қандай сөз табы?

Етістік дегеніміз не?

Етістік қандай сұраққа жауап береді?

Етістік нешеге бөлінеді?

Дара және күрделі етістікке мысал келтір

Жаңа сабақ

«Құстарға көмек» ойынын ойнаймыз.

Жылы жаққа ұшып келе жатқан құстардың тапсырмаларын орындау арқылы ұяға қондыруымыз қажет.



Ұзаққарға 1- тапсырмасы:
156- беттегі 1-жаттығуға
көңіл бөлейік.

Дара, күрделі етістіктерді екі
бағанға бөліп жаз

Ойнады,кіріп келді, алғызды, апарып
тастады, көгерді, жинап алды,
еркеледі,ойлап отыр,достасты.

Шығармашылық жұмыс.
Сөзжұмбақты шеш.
Қараторғайдың
тапсырмасы:
3-топқа арналады

1. Айдос ауылдан келді.
2. Алыстан тау көрінді.
3. Малшылар жайлауға көшті.
4. Бек кассаға ақша төледі.
5. Мұғалім әдемі жазуға үйретті.
6. Аян інісіне көмектесті.

Сөзжұмбақтың шешуі болған жыл мезгілі туралы қысқаша мәтін құрастыр. Құрастырған әр сөйлеміңнен дара және күрделі етістіктерді ата






Тырнаның тапсырмасы:
3-жаттығу Көп нүктенің
орнына тиісті
етістіктерді қойып жаз

Керекті сөздер:
ұнатады, сағынып жүр, айтамыз, көрді,
шуылдайды, келіп тұрады.

Сергіту сәті



Сабақты бекіту.

Ой толғаныс

- Балалар, етістік дегеніміз не?
- Етістік қандай түрге бөлінеді?
- Мына балапандарды өз ұясына салайық
- (Етістіктер: келді, оқып отыр, жүгіріп жүр, ойнады, өсті, соғып тұр)
- Дара етістік деген не?
- Күрделі етістік деген не?

-

Бағалау Үй тапсырмасы

157-беттегі 5 - жаттығу. Сурет пен сызбаның орнына тиісті сөздерді қойып, мәтінді көшіріп жаз.

Ереже жаттау.

Кері байланыс: сабақ ұнады ма?